

Бекітемін:

Мектеп директоры

А.Кисикова

_____ 2019ж

*2018 - 2019 оқу жылындағы Новий орта мектебінің «Жас Ұлан» бірыңғай
балалар мен жасөспірімдер ұйымының
жылдық жұмысы туралы мәлімет*

Орындаушы: Б.Әбдіқалықова

2018 -2019 оқу жылы

Елдің болашағын білімді ұрпақ айқындайды. Өйткені, елдің тірегі-жастар. Сондықтан да егеменді еліміздің болашақ жастарын білім беру талаптарына сай қалыптастыру, оқу-тәрбие процесінде рухани адамгершілікке, өз ұлтының тарихын, мәдениеті мен тілін қастерлейтін, балалардың дамуына нақты бағыт беруде "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының маңызы зор.

Кез келген адамды қарапайымдылық мен еңбекке деген ынта-жігері ерекшелендіреді. Елбасымыздың бастамасымен құрылған "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымында еңбек етіп жүрген оқушылардың әрқайсысының орны бөлек.

Еліміздің өркендеуі, гүлденуі- болашақ ұрпақтар қолында. Егемен еліміздің ертеңіне өз үлесімізді қосқымыз келсе, білімді, тәрбиелі, белсенді болуымыз керек. Осы мақсаттың орындалуының бірінші баспалдағы «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына өту болып табылады.

Қазіргі таңда жалпы мектеп бойынша "Жас Ұлан" ұйымында 415 жас ұлан, 434 жас қыран бар.

"Қазақстан жас қанаты-Жас Ұлан" атты үш жылға арналған бағдарлама қорытындыланып, жаңа 2017-2018 оқу жылы қалалық "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына арналған "Ынта. Жігер.Серпін" бағдарламасы бойынша басталды. Осы бағдарламаға сәйкес жоспар құрылып, бекітілді.

1 қыркүйек оқу жылының алғашқы күні 2017-2018 оқу жылы бойынша 7 критериймен бағаланатын "Үздік класс- 2018" байқауы қорытындыланып, жылдың үздік кластары марапатталды.




14.09.2018 жылы оқушыларға мектеп формасы, ішкі тәртіп, кезекшілік, кітапханамен байланыс орнату жөніндегі старосталар мен олардың көмекшілеріне арналған жиналыс өткізілді.



22 қыркүйек күні ұйымдастыру -көпшілік бөлімінің жоспарына сәйкес № 33 мектепте "Жас ұландар- жарқын болашағымыз" атты қалалық семинар өткізілді.



2018 жылдың 26 қыркүйек күні МЕКТЕП ҰЛАНБАСЫН сайлау іс -шарасы өткізілді. Сайлауға 5-10 класс оқушылары қатысты. Үміткерлікке 7 оқушы өз бағдардамасын ұсынып, нәтижесінде 10 а класс оқушысы Курманғалиева Дана " Мектеп ұланбасы" атанды.



27.09.2018 күні қалалық оқушылар Сарайында "Көкжиек" клубының отырысында қала мектептерінің аға тәлімгерлеріне арналған "Аға тәлімгер жұмысын ұйымдастырудың тиімді жолдары" тақырыбында өз іс -тәжірибеммен бөлістім.



29 қыркүйек күні № 55 мектепте "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының жетекшілерін арналған "Тәуелсіз ел ертеңі- Жас Ұлан" тақырыбында облыстық квест фестивалі өткізілді.



2018 жылдың 21 қыркүйек күні 2018-2019 оқу жылында " Жас Ұлан" ұйымының жоспарланған жұмысын оқушылармен бірлесе жүргізетін мектеп кеңесінің құрамы жасақталып, алғашқы отырысы өткізілді.



6 қазан- Ұстаздар мерекесіне қарсаңында ұйымдастырылған "Ұстазыма мың алғыс" атт мерекеле мектеп кеңесі ұстаздарға тілектерін айтып, өздерінің ерекше сыйлықтарын табыс етті.



10.10.2018 күні таеквандодан Еуропа кубогының иегері атанған "Салауат" бағытының бөлімбасы Бақтығали Мереймен кездесу өткізілді.



11.10.2018 күні жаңа оқу жылында тәлімгерлік жолға алғаш қадам басқан тәлімгерлерді "Көкжиек" клубының қатарына қабылдау жиыны өткізілді.



"Жас Ұлан" ұйымы мектеп өміріне жаңа өзгерістер енгізу, жетістіктерге жетіп, оқушыларды жаңа қырынан тану мақсатында ақысыз би үйірмесі ашылды. Үйірмеге барлық класс бойынша оқушылар қабылданды. Үйірме жетекшілері мектеп кеңесінің белсенді мүшелері Бақдаулетова Назерке және Әжімбай Аружан.




23.10.2018 күні ҰЛЫҚТАУ рәсімі өткізілді. 2017-2018 оқу жылында ұланбасы қызметін атқарған Адайша Қадірбек биылғы Ұланбасы сайлауының жеңімпазы Курманғалиева Данаға салтанатты түрде төсбелгісін тақты.



2018 жылдың 25 қазан күні “Рухани жаңғыру” бағдарламасы аясында ұйымдастырылған “Рәміздерім-мақтанышым” қалалық мереке байқауында 4в класс оқушысы Айнабекова Ажар II орын иеленді. Меркеде мектеп ұланбасы Курманғалиева Дана жүргізуші болып өз үлесін қосты.



1 қараша күні "Тәлімгер - тәрбиенің шамшырағы" атты облыстық семинарда мектеп кеңесінің оқушылары өздерінің жобаларын қорғап, тәлімгерлерге ұйым жұмысын таныстырды.




"Жас ұлан" ұйымы оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында 3 қараша күні "Жас дарын" атты байқау ұйымдастырады. Байқауға 1-6 класс аралығындағы өнерлі оқушылардың барлығы қатысты.



2018 жылдың 8-9 қараша күндері Астана қаласында өткен Республикалық “Балаға мейірімді Қазақстан” атты форумға мектеп ұланбасының орынбасары Бакдаулетова Назерке қатысты.




2018 жылғы 15-19 қазан аралығында «Мен режиссер боламын» қалалық жас өнерпаздардың онлайн-байқауы ұйымдастырылды. Байқауға оқушылардан 30 жұмыс түсті. Байқау қорытындысының нәтижесінде «Менің Қазақстаным» номинациясы бойынша 1 орын - Новый ОМ Бақтығали Мерей, «Салауатты өмір салтын қолдаймын» номинациясы бойынша 3 орын - Новый ОМ Елемес Ноян иеленді.



“Жас Ұлан” бірінғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы 10 қараша күні “Салауат” бағытының бөлімбасыларының ұйымдастыруымен оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында 5 класс оқушылары арасында “Спорт-сенің сенігің” атты эстафета ұйымдастырды.




15.11.2018 күні жасұландықтарға арналған "Қызық екен" шеберлік сабағында мектеп Ұланбасы Курманғалиева Дана ерекше заттарды пайдалану арқылы шеберлігін көрсетіп, көрермендерді таңқалдырды.



«Шығармашылық жұмыс-шеберліктің белгісі» тақырыбында мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған қалалық семинарда "Жас Ұлан" ұйымының жұмысымен таныстырып, тренингтер ойнатылды.



20 қараша күні "Жас Ұлан" ұйымы қатарына қабылдау жиынының алдында 5 класс оқушыларынан кезекті сынақ алынды.



Қалалық оқушылар Сарайының ұйымдастыруымен өткізілген "Танцевальный калейдоскоп -2018" байқауының қарсаңында жас ұлан ұйымының белсенді мүшелері Бақдаулетова Назерке мен Әжімбай Аружан "Body flight" би тобын ашып, 2 турдан тұратын байқау қорытындысы бойынша II орын иеленді. Мектеп ұланбасы Курманғалиева Дана жүргізуші болып, өз үлесін қосты.



26-30 қараша аралығында "Жас Ұлан" біріңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы "Жас психологтар" үйірмесімен бірігіп, қайырымдылық апталығын ұйымдастырды. Апталыққа 5-11 класс оқушылары белсене қатысты. Апталық барысында 26 қараша күні ашылу салтанаты, 27 қараша күні 6-7 кластарға, 27 қараша күні 8-9 кластарға жәрмеңке, 30 қараша күні 9-11 класс оқушыларына арналған "Total Black Party" би кеші және жабылу салтанаты өткізілді.



2018 жылдың 6 желтоқсан күні Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіз ел – Қазақстан» қалалық фестивалі аясында өткізілген «С Днём рождения, столица!» коллаждар байқауында Новый ОМ 8 "в" класс оқушысы Көшетерова Жұлдыз I орын, «Кадрда –Астана» фотобайқауында Қажығалиева Айгерім I орын иеленді.



2018 жылдың 9 желтоқсан күні Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай арналған «Тәуелсіз ел- Қазақстан» қалалық фестивалі аясында өткізілген «Жұбанов кездесулері» ашық аймақтық мәдени-білім беру жобасы аясында ұйымдастырылған хореография байқауында "Жас Ұлан" ұйымының белсенді оқушылары Бақдаулетова Назерке мен Әжімбай Аружан жетекшілік ететін "Body flight" би ұжымы үздік өнер көрсетіп, I орын иеленді.



2018 жылдың 11 желтоқсан күні Қосымша білімге-100 жыл және Қалалық жас натуралистер стансасының 65 жылдығына орай «Қас қағым сәт» жас фотосуретшілер қалалық сырттай байқауында Новый ОМ мектебінің Тәжиғали Ислам Порын иеленді.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында мектептің үздік және белсенді оқушылары "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қабылданды.



2018 жылдың 14 желтоқсан күні Новый орта мектебінің 5 "Д" класс оқушысы Қажығалиева Айгерім "Жас Ұлан" ұйымының облыстық қабылдау жиынына қатысты. Мектеп оқушылары ән шырқап, өз өнерлерін көрсетті.



Мектеп кеңесінің ұйымдастыруымен "Тәуелсіздікке тарту" көрмесі ұйымдастырылып, үздік қолөнер иелері марапатталып, жұмыстары мектебіздегі мұражайға табысталды.



Жаңа жыл мерекесі қарсаңында ұйымдастыру -көпшілік бөлімінің жоспарына сәйкес ұйымдастырылған қайырымдылық акциясы кезінде "Үміт" балалар үйіне барып бүлдіршіндерге тілегімізді айтып, сыйлығымызды табыс етіп, қуантып қайттық.



25 желтоқсан күні Астана ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен өткізіліген жаңа жылдық мерекеледе "Жас Ұлан" ұйымының белсенді мүшелері белсенділік танытып, оқушыларға керемет көңіл күй сыйлады.



2019 жылдың 10 қаңтар күні мектеп кеңесінің ұйымдастыруымен мектеп тұлғаларына арналған "Сенде бір кірпіш дүниеге..." атты кездесу өткізді. Тұлғалармен тренингтер ұйымдастырылып, тілек альбомына өз тілектерін жазып, оқушыларға мамандық таңдауға бағыт беретін ақыл-кеңестерімен бөлісті.



16 қаңтар күні Ақтөбе өңірінің педагогикалық университетінде Ақтөбе қаласының 150 жылдық мерейтойына байланысты қала әкімімен кездесуге мектеп ұланбасы Курманғалиева Дана және ұланбасының орынбасары Бақдаулетова Назерке қатысты.



Новый орта мектебінің оқушылары 4 жыл қатарынан "Жас ұлан" ұйымы жұмысын және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында "Шұғыла" (Энергетик) демалыс орталығына барды.



2019 жылдың 30 қаңтар күні шығармашылық академисында жастар өткізілген жастар форумына қатыстым.



1ақпан күні өзін -өзі тану бірлестігі мен "Жас Ұлан" ұйымының ұйымдастыруымен "Өзін -өзі тану : Махаббат пен шығармашылық педагогикасы" атты онкүндігі өткізілді.



2019 жылдың 2 ақпан күні оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектеп кеңесінің ұйымдастыруымен 7 кластар арасында "Ақтөбе - құтты мекен" зияткерлік ойыны өткізілді.



21 ақпан күні "Жас Ұлан" РЕВЮ шығаршылық байқауында өзіндік ерекшелікпен дараланып, үздік өнер көрсетіп, байқаудың үшінші мәрте жеңімпазы атанды



22 ақпан күні Ақтөбе қаласы мектептерінің өзін-өзі басқару ұйымы көшбасшыларының форумына мектеп ұланбасы Курманғалиева Дана қатысып, сертификатқа ие болды.



2019 жылдың 1 наурыз күні Ақтөбе қаласының 150 жылдық мерейтойы қарсаңында ұйымдастырылған "Ең әдемі Ару - 2019" сұлулық байқауында Новый ОМ оқушысы Төлегенова Аружан I орынды иеленді.



2019 жылдың 14 наурыз күні Ақтөбе қаласының 150 жылдығына орай ұйымдастырылған "Толқын Life" облыстық фотосуреттер мен бейнерепортаждар интернет-байқауында "Фотосуреттер" номинациясы бойынша 10 "ә" оқушысы Адайша Қадірбек II орын, "Бейнерепортаждар" номинациясы бойынша 6"б" оқушысы Балуаншина Камила I орын иеленді.



2019 жылдың 20 наурыз күні "Жас Ұлан" ұйымының белсенді мүшесі, Ұланбасының орнбасары Бақдаулетова Назеркенің ұйымдастыруымен "Танцуют все!" би байқауының I туры өткізілді.



Алматы қаласында 29-30 наурыз күндері өткен "Үздік жас ұстаз" форумына қатысып, марапатталып, төсбелгі иелендім.



2019 жылдың 11 сәуір күні Новий ОМ оқушысы Бекмағанбет Дастан 2 турдан тұратын "Ең үздік математик" байқауында III орын иеленді.



2019 жылдың 12 сәуір күні "Жас Ұлан" ұйымының оқушылары "Жылы ұя" қалалық қайырымдылық акциясына қатысты.



18 сәуір күні № 14 мектепте қала мектептерінің аға тәлімгерлеріне арналған "Ой мен ойын" интеллектуалды ойынына қатыстым.



2019 жылдың 30 сәуір күні "Жас Ұлан" ұйымы қатарына мектеп оқушыларын қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиын өткізілді.



30 сәуір күні мектеп кеңесінің ұйымдастыруымен *"Diskoteka 80-х"* тақырыбында қайырымдылық би кеші өткізілді.

8 мамыр күні 5-7 класс оқушыларына арналған *"Би көктем"* байқауының II туры өткізіліп, екі тур бойынша үздік өнер көрсеткен би топтары марапатталды.



13.05.2019 күні оқушылар сарайында өткізілген *"Күншуақ"* байқауында оқушылар *"Би көктем"* байқауының жеңімпаздары өз өнерін көрсетіп, мектеп ұланбасы Курманғалиева Дана жүргізуші болып өз үлесін қосты.

2019 жылдың 16 мамыр күні *"Ынта.Жігер.Серпін"* бағдарламасының 2 жылдық қорытындысы бойынша I орын иелендік.



7 мамыр күні «Жаңартылған білім беру мазмұны: мектеп тәжірибесі» тақырыбында мектеп директорларына арналған облыстық семинарда өз тәжірибеммен бөлістім



Қазіргі таңда Новый орта мектебінің жүзге жуық белсенді ұландарының атқарған игілікті істері теңіздегі тамшыдай болуы мүмкін. Дегенмен, «Жас Ұлан» ұйымы оқушыларды отан сүйгіштікке, елжандылыққа, биік мәдениетке тәрбиелеу бағытында үлкен жұмыстар атқаруда. Өз Отанын, елін сүйуге және өз елінің нағыз азаматы болуға дайындап, балалар ұйымының қоғамдағы белсенділігін арттыруда. Болашағы бүгіннен басталған, ұлылығы бойына дарыған жас ұланның атқарар қызметі әлі алда. Ендеше, Жаса, Жайна, Асқақта байтақ елім! Өс, Өн, Өрле жаңа бастама иесі- «Жас Ұланым!».

Заманауи Қазақстанның ұлтжанды, рухы биік, білімді, жаңашыл жасұландықтар алдағы уақытта ел сенімін ақтайтыны сөзсіз.

Аға тәлімгер:

Б.Әбдіқалықова